



**6D074800 - «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы
бойынша (PhD) философия ғылыми дәрежесін алуға докторант PhD
Сержан Есимбаевич Момбеков «Күрең маклюрадан помиферин
қосылысын алу технологиясын және оның негізінде дәрілік қалып жасау»
тақырыбы туралы ғылыми кеңесші, фарм.ғ.д., профессор
Убайдилла Махамбетұлы Датхаевтың**

ПІКІРІ

Қазақстан Республикасының фармацевтика саласын дамыту мақсатында сапасы жоғары, эффективті, қауіпсіз, бәсекелестікке қабілетті дәрілік қалыптарды шығару және халықты отандық өніммен қамтамасыз ету басты міндеттердің бірі бөлып табылады. Соның ішінде дәрілік өсімдік шикізатын қолдана отырып фитопрепараттар жасау фармацевтика өндірісінің дамуына ықпал жасайды. Осы мақсатта Қазақстан Республикамызда көптеген бағдарламалар жүзеге асырылуда. Атап айта кесек сол бағдарламаның негізі болып саналатын ұзақ мерзімді «Қазақстан-2050» Стратегиясын, ҚР-ның 2020 жылға дейінгі «Экономиканы әртараптандыруды жеделдету» Стратегиялық даму жоспарын, Қазақстанның дамыған 30 мемлекеттің қатарына кіру Концепциясын, ҚР Президентінің «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауын жүзеге асыруға және ел экономикасын нығайтуға бағытталған фармацевтика саласының ҚР экономикасындағы алатын орнына ескере отырып, отандық дәрілік өсімдік шикізатынан жасалған дәрілік препараттардың түрлерін көбейтіп, отандық фармацевтика өндірісін дамыту, жаңа өндіріс орындарын салу және бар өндіріс орындарын қайта қалпына келтіру арқылы мемлекеттің дәрілік препаратқа сұранысын қанағаттандырудың үлесін арттыру маңызды мәселеге айналып отыр. Жоғарыда айтылған мәселелерді шешу мақсатында осы диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттерін белгілеуге себепші болды.

Жоғарыда айтылған мәселелерді шешу мақсатында және бәсекелестікке қабілетті зеңге қарсы дәрілік қалыптың құрамын жасап шығару докторлық диссертацияның негізгі міндетінің бірі болып табылады.

Диссертациялық жұмыстың бірінші бөлімінде күрең маклюра жемісінің халық медицинасында қолданылуы сонымен зеңге қарсы ауруларына пайдаланылатын маклюр жемінен жасалынатын препараттар бойынша мәліметтер сипаттамасы келтірілген. Екінші бөлімде зерттеу материалдары және зерттеу әдістері: физика-химиялық, технологиялық, микробиологиялық әдістері көрсетілген. Үшінші бөлімде ҚР-ның нарығындағы зеңдерге қарсы дәрілік препараттарға маркетингтік талдау жүргізу нәтижелері жазылған. Дәрілік қалыптар нарығында маркетингтік зерттеу, ішкі және сыртқы бәсекелестікті бағалау, сапасы жоғары және бәсекелестікке қабілетті тауар өндіру мәселелері қарастырылған. Маклюр жемісінен бөлініп алынған



помиферин қосылысы сонымен қатар алғаш рет маклюр жемісінен бөлініп алынған қосылыстар жайында жазылған. Төртінші бөлімде «Kaz-P7» гелінің ұтымды технологиясының фармацевтикалық негіздемесі жасалынған. Зерттеу жұмысының бесінші бөлімінде «Kaz-P7» гелінің техника-экономикалық негіздемесінің нәтижелері жазылған.

Диссертациялық зерттеу жұмысының тәжірибелік бөлімі Миссиссиппи университеті NCNPR- Табиғи заттарды зерттеу ұлттық ғылыми орталығында (Оксфорд қаласы, АҚШ) жасалды.

С.Е. Момбековтың ғылыми-зерттеу жұмысын орындау кезінде өзінің жоғары білімділігін, қабілеттілігін көрсетті. Саяси-идеялық тәрбиесі жетік, факультет өміріндегі қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. Өз тобының және басқа топ жолдастары және оқытушылар арасында сыйлы және сенімдерін ақтайтын докторант PhD.

Зерттеу нәтижелері бойынша Халықаралық ғылыми - практикалық конференцияларда, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми баспаларда мақалалар мен тезистер жарияланған. Сонымен қатар мақала импакт-фактормен Web of Science Clarivate Analytics және Scopus база басылымында 1 мақала жарық көрді. Зерттеу нәтижелері бойынша ҚР Әділет министрлінің №3001, 09.07.2018 ж., атауы «Maclura aurantiaca жемістерінен жасалған помиферин негізіндегі зенге қарсы әсері бар гель» атаулы пайдалы модельге патентімен расталды.

С.Е. Момбеков өзінің диссертациялық жұмысында тәжірибелік өзектілігі, қойылған мақсат, міндеттері, ғылыми жаңалығы бойынша ерекше орын алады және 6D074800 - «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін ізденудің диссертациясына қойылатын барлық талаптарға сай келетін білікті ғылыми еңбек деп санаймын және қорғауға ұсынамын.

Ғылыми кеңесші:

**Стратегиялық және корпоративтік
даму жөніндегі проректоры,
фарм.ғ.д., профессор**

У.М. Датхаев

ҚОЛЫН БАСТАЙМЫН
«Ұлттық медицина университеті»
акционерлік қоғамының құжаттамалық қағамасыз
ету бөлімінің басшысы
ПОДПИСЬ ЗАВЕРЯЮ
Руководитель отдела документационного обеспечения
АО «Национальный медицинский университет»